

№39
(7776)

1 қазан,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫНЫҢ
1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ
АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



**Құрметті ардагерлер!
Қадірлі қариялар!**

Сіздерді Халықаралық Қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі мереке – дана қарияларымызды құрметтеу мен сыйлаудың үлкен белгісі.

Дана халқымыздың өмірінде ақылгөй, парасатты ақсақалдардың ақылы мен шешімі ежелден зор маңызға ие болған.

Еліміздің егемендік алып, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына Сіздердің қосқан үлестеріңіз шексіз. «Ауылында қарияң болса, жазулы тұрған кітаппен тең» дегендей, ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен өнегесін жас ұрпаққа жеткізуші, аға буын мен жас буынды жалғаушы асыл қазынамыз – осы отырған Сіздерсіздер.

Сіздердің барлығыңызды аудан жұртшылығы білікті басшы, белсенді азамат, елдің сыйлы ақсақалы ретінде таниды.

Қарттарға қамқорлық – біздің халқымыздың санасына терең сіңген қасиет. Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар да халықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік жағдайын көтеру болып табылады.

Сіздер тәуелсіз елдің бүгінгі буынына ағалық ақыл-кеңестеріңізді айтып қана қоймай, атқарылып жатырған ұлы істерді жас ұрпақтың лайықты жалғастырылуына өзіндік үлестеріңізді қосып дәнекер болады деп көміл сенемін.

Аға буын өкілдерін сыйлау – әрбір адамның борышы. Сіздердің еліміздің дамуы үшін жасаған ерліктеріңіз бен ерен еңбектеріңізді келешек ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Қадірлі қариялар!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында бақуатты өмір кешіп, әрдайым ел құрметіне бөлене беріңіздер. Шаңырақтарыңыздан шаттық, отбасыларыңыздан құт-береке кетпесін!

Сіздермен әрдайым аман-есен кездесуге жазсын!
Мереке құтты болсын!

**Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А.Қазыбаев**

**5 ҚАЗАН – МҒАЛІМДЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫНЫҢ
АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



Қадірлі ұстаздар!

Сіздерді 5 қазан – мұғалімдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мұғалім мамандығы – қоғамдағы ең құрметті және қадірлісі. Шынайы ұстаз ең жақсы адам қасиеттерді бойына сіңіре отырып, өз шөкірттерінің жүрегінде білімге деген сарқылмас ынта-ықыласты оятады.

Сіздер рухани дүниеміздің асқақтығын өрқашан туған халқымыз алдында паш етіп, елдің еңсесінің биік болуына, бірліктің іргесі сөгілмеуіне, ырыс пен ынтымақтың біріге түсуіне үнемі зор үлес қосып келесіздер.

Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан мұғалімдердің ата-анадан кейінгі атқарар рөлі ерекше, тәуелсіз мемлекетіміздің басты құндылығы - білімді адам деген қағиданы Тәуелсіздігіміздің туын тіккен күннен бастап, бір сөз те назардан шығармаған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының нәтижесінде елімізде білім ордалары - мектептеріміз, балабақшалар қазіргі күнгі талаптарға сай жабдықталып, ерекше жетістіктерге жетіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында **ұстаз беделін арттыруға** ықпал ететін тың бастамаларды көтерді. Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға байланысты төрт жыл ішінде еңбек ақылары екі есе артып, алдағы жылдан бастап мұғалімдердің **жалақысы 25 пайызға өсетінін** жеткізді.

Бүгінде ауданымызда мектеп оқушыларына сапалы білім, өнегелі тәрбие беру үшін барлық мүмкіндік жасалуда. Мектептеріміз күрделі жөндеуден өтіп, осы заманғы озық технологиялармен, керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Биылғы жылдың басты жаңалығы - Саралжын ауылдық округінің Бестамақ елді мекенінде жалпы құны 202,9 млн.теңге құрайтын 50 орындық мектеп құрылысы пайдалануға беріліп, 1 қыркүйекте оқушыларымыз жаңа мектепте білім алуға қадам басқан болатын.

Сондай-ақ мектептерге ұлтра қысқа фокусты проектор, робототехника жиынтығы, 3D-принтер сатып алынып, ІТ сыныптар жұмыс жасап келеді. Соның бір дәлелі Ойыл қазақ орта мектебі мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы.

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Ғылым мен білімнің дамуына қызмет ету – еліміздің болашағына қызмет ету. Ол жеткіншек ұрпаққа терең де тиянақты білім беруден басталады.

Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде оқушыларымыз облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі додалардан озып шығып, Ойылдың намысын қорғап, биік шыңнан көрініп жүр. Білім саласы жағынан Ойыл ауданы облыс бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді.

Бұл табындылық пен білімділікке үйретуге құштар ұстаздардың арқасы деп білемін.

Елбасы өз сөзінде: "Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында", - деген сөзі, бірегей тұлға ұстазға деген құрмет пен ықыластың ерекше екендігін білдіреді.

Құрметті мұғалімдер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін!

Мереке құтты болсын!

**Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А. Қазыбаев**

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

**АУДАНҒА 60 ӘННІҢ АВТОРЫ
ЕЛЕНА ӘБДІХАЛЫҚОВА КЕЛДІ**

КӨКЖАР ТОПЫРАҒЫНЫҢ КИЕЛІ
ЕКЕНІ ТАРИХТАН БЕЛГІЛІ.
АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕЛМАЯСЫН
ШӨКІРТІГЕН ЖЕР. СОнау АН
ҒАСЫРЛАРДАН БЕРІ
ЖӨРМЕНКЕНІҢ ҚЫЗҒАН ОРДАСЫ.
ТҮЙІР ҚҰМЫНА ДЕЙІН ТАРИХТАН
СЫР ШЕРТЕТІН ОЙЫЛ Өңіріне
КІМДЕР КЕЛІП, КІМДЕР КЕТПЕДІ
ДЕСЕҢІЗШІ? ОНЫҢ АЙҒАҚТЫ
КӨРІНІСІ ТАЛАЙ-ТАЛАЙ ӨНЕР
АДАМДАРЫ ӨНЕРЛІ ОРДАҒА
АРНАЙЫ АТ БАСЫН БҰРЫП,
ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАЛАРЫН
ҚАЛДЫРЫП КЕЛЕДІ.

Өрісін қозғамағанда күні кеше ғана ауданымызға елімізге танымал өнші, композитор ақын Елена Әбдіхалықова арнайы келді. Елімізде ғана емес Түркия, Монғолия, Өзбекстан, Қырғыстан, Ресейде өнерін көрсетіп жүрген Елена Мәжітқызының 60-қа тарта өндерін Мәдина Ералиева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Майра Ілиясова, Рамазан Стамғазиев, Тамара Асар, Жұбаншы Жексенұлы секілді белгілі өншілер орындап ғана қоймай халықтың сүйіп тыңдайтын өндеріне айналдырды. Есімізге түсірсек, Мұқағали Мақатаев сынды шоқтығы биік ақындардың «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын», «Аманат», «Қазақ елі», «Қош дерсің», «Доспен қоштасу» өндерінің авторы. Осындай өнерде өзіндік дара жолы бар өнер иесінің Ойылға келудегі басты себебі Республиканың түкпір-түкпірінде шалғай жатқан аудандардың өнер сүйер халқымен тікелей жүздесу болса керек. Сахна төрінде өзін еркін сезінген өнші апамыздың ауыл жұртшылығын жанына жақын көретіндігін, ауылдың шыққандығының күәсі ретінде қабылдадық. Расында Елена Мәжітқызының жексенбі күні өткен концерттік кешіне жиналған көрермен қатары өте сирек болғанымен көрермен залын тамаша өндерімен өрлеп, өртістік шеберлігін биіктен көрсете білді. Кейбір өндерін ақ жаулықты аналарымызбен бірге шықады. «5 сыныптан бастап жанымда домбыраны серік қып келемін» - деген өншінің домбыра тартудан да дара жолы барын байқадық. Өуезді өндеріне ебден қанықтық. Мінекей Республика деңгейінде өнер көрсетіп жүрген өнер адамының қара басын халықтан кішірейткен пейіліне қарап тәнті болдық. Алыстан ат терлетіп келген қазақтың өнерлі жұлдызының өнерін бағалаған аудан әкімі Ойыл жұртының атынан арнайы алғыс хатпен бірге естелік сыйлығын табыс етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

**МАЛ АУРУЫ -
ҚАУІПТІҢ БАСТЫ КӨЗІ**

«Мал ашуы – жан ашуы» - дейді дана халқымыз. «Арықты күтсең – тойынан, көріні күтсең – сойылар» - дегенмен, ауру малдың еті адам ағзасына жұқса айықпас кеселге апаруы ебден мүмкін. «Мал атасынан азады» - деген дана халқымыз малдың ұсақталып кетпесі үшін өр төлдің өзіне тән қасиетін зерттеп отырған. Қазіргідей медицина дамыған заманда адам түгілі малдың да қанын алып, өр түрлі аурулардың алдын алу мақсатында арнайы екпелер салып келеді. Міне ата-бабаларымыздың өр түлікті төлінен ажыратып, сырпытап, будандастырып отырағанының басты себебі де осы. Өріне, ол кезде малды күтіп-баптау жұмыстары кенже қалмады. Сондықтан «Малыңды қойған жерден, емес тойған жерден ізде», - деп те бекерге айтпаламаған. Осы орайда өткен аптада мал ауруының алдын-алу мақсатында облыстан арнайы мамандар келіп, аудан өкімдігінің мәжіліс залында ветеринария саласының жергілікті өкілдерінің басын қосқан жиын өтті. Жиында жүргізілген аудан өкімінің орынбасары Асылан Кенжебаев ауданда ауыл шаруашылығы саласы бойынша оның ішінде мал ауруларына байланысты бірқатар атқарылып жатқан жұмыс-

тарға тоқталды. Келесі кезекте Ақтабе облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау департаменті аса қауіпті инфекциялар және туберкулез ауруын эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Толғанай Нұрғалиева сарын, күйдіргі, құтырма, сібір жарасы бойынша адамға малдан жұғатын аса қауіпті аурулардың алдын-алу шараларын күшейтуге ескерту жасаса, ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтабе облысы ветеринариялық бақылау және қадағалау департаментінің биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Гүлзира Амантаева қаңғыбас ит, мысықтарды жою, малдың қора-жайларын залалсыздандыру, мал басын бірдейлендіру базасына толық енгізу туралы нақты жұмыстарға баса назар аудару керектігін ашық айтты. Өріне ауыл шаруашылығы ауданы үшін бұл жұмыстар күн тәртібінен түскен емес. Мал дөрігерлерінің басты назарында. Осындай мал ауруларының алдын-алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар бойынша аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Өркен Қожағалиев баяндама жасады.

М.ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

Жопқауың жемісі

АНТ – ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОП ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ БАСЫНДА ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА ОЙЫЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ БОЛЫП, КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІМЕН ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында колледж директоры Серік Займолдин Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдап отырған Жолдауы өзі басқарып отырған ұжымда кеңінен насихатталып, білім, спорт, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салалары бойынша еңбектеніп жатқандығын жеткізді. Оған қоса жоғары білімі бар жастар туған жерге тұрақтап қалса, яғни тұрақтылық болған жерде өркендеу болады деген нық сенім білдірді. Ал, ақпараттық-насихаттық топтың жетекшісі, аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданда атқарылып жатқан бірқатар жұмыстарға тоқтала отырып, Жолдауда баса айтылған кәсіпкерлікті кеңейту, ауыл шаруашылығы саласын қарқынды дамыту, ұстаздар мәртебесін арттыру, зейнетақы жинағы бойынша тоқталып өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов алдымен елдің тыныштығын тілей отырып, Жолдауға қолдау білдіріп еліміздің дамуы жолында бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Сонымен қатар Жолдауда айтылған білім, мәдениет, спорт, денсаулық, кәсіпкерлік, әлеуметтік салалары аясында қозғалған негізгі тапсырмалар мен орындалуы тиіс іс-шаралар бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

Кцзәі жәрменке

АУЫЛ ӨНІМДЕРІН АЛЫП КЕЛДІ



Өткен сенбі «Көкжар» сауда қатарларының есігі айқара ашылып, ауыл шаруашылығы жәрменкесі ауқымды түрде өткізілді. Жәрменкеге ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылды. Апта соңында өтетін жәрменкені күтпей-ақ, өр күн сайын село орталығында жаз бойы күтіп-баптаған бау-басқа өнімдерін сатып жүрген диқандар бұл жолы да күзгі өнімдерін жәрменке сөрелеріне толтырды. Әр ауылдық округтерден келген ет өнімдері аудан тұрғындары үшін артық болмады. Керісінше етке деген сураныс жоғары болды. Одан бөлек, май, майқұрт сынды сүт өнімдері де

сөрелерде ұзақ тұрмады. Жәрменке алаңына асыққан адамдардың қарасы көп болды. Өйткені мұнда қысқы жылы киімдерге дейін сатылып, тұтынушыларға не керектің барлығы табылды. Осы тұста «Көкжар» сауда үйлерінің іші ауылшаруашылығы өнімдерімен қызыса, сырт жақта қысқы мал азығы қаптап тұрды. Тіпті кейбір шаруашылықтар қой, ешкілерін тірілей сатып жатты. Осылайша Көкжардың күзгі жәрменкесі тұтынушыларды таза табиғи өнімдерімен қарсы алды.

М.ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

БАРҚЫН ҚҰМЫНА ЭКСКУРСИЯ



Ауданымыздың ең көрікті жерлерінің бірі – «Барқын құмы» табиғи орманды алқабы. Аңыздарға сенсек, Каспий теңізі тартылған дәуірде кең ойыс алыпта қалған теңіз қайраны. Суы өте тайыздан шығады. 1873 жылдан бастап Ойыл ескери бекінісі жауынгерлерінің күшімен Қарағай, Қайың, Көктерек, Қандыағаш көшеттері отырғызылып деседі. Ондағы мақсат құм көшкініне тосқауыл қою еді.

Осы орайда жуырда «Қазақстан киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ұйымдастыруымен «Барқын» құмына тарихи-өлкетанушылық іздестіру, жинау, зерттеу, ғылыми-экскурсия өткізілді. Экскурсияға Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының, Ж.Жүсібаев

атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің және өр салада қызмет етіп жүрген аудан жастары қатынасты. Онда музей директоры Балқаш Рысбаева «Барқын» құмының қалыптасу тарихын жан-жақты баяндап, көптеген мәліметтер берді. Тоқтала кетсек, «Барқын» құмында жүзген, құлан-құрық, құмаршық, жыңғыл, гүлбұт, құртқағұл секілді сирек кездесетін өсімдіктердің түрлері бар. Олардың

өрқайсысына тоқталған Балқаш Тілеужанқызы бұл өсімдіктердің адам денсаулығына емдік қасиеттері барын да баса жеткізді. Сонымен бірге «Барқын» құмының табиғатына байланысты көптеген сұрақтар қойылып, белсенді жауап берген жастарға арнайы алғыс хаттарын табыстады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

«АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК»



Соңғы уақыттарда алаяқтықтың көп жасалуына байланысты, оның жиі кездесетін жағымсыз құбылысқа айналып кету қаупі туындап отыр.

Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес алаяқтық - бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау, сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену болып табылатынын назарларыңызға салғым келеді.

Алаяқтық бірнеше әдістер және тәсілдермен жасалады.

Қазіргі уақытта ең көп алаяқтық ғаламтор желісін пайдалану арқылы жасалады, бұл тәсілдер автоқосалқы бөлшектерін, ұялы телефондар және басқа да тауарларды ғаламтор желісі арқылы сатумен байланысты.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер немесе басқа да ғаламтор ресурстары арқылы (мысалы, «OLX», «Колеса», басқа да танымал сайттар) тауар сату туралы жалған

хабарламалар таратып, есеп-шоттарына алдын ала төлем жасатып, кейін сатып алған тауарларын (автоқосалқы бөлшектер, басқа заттар) жолдаймыз деген сылтаумен ақшаларын жымқырған басқа облыс тұрғындарына қатысты бірнеше қылмыстық істер тергелуде.

Сол себептен ғаламтор желісі арқылы тауар сатып алған уақытта өте мұқият болу қажет, танымайтын бөгде адамдардың есеп-шотына ақша аударса отырып, Сіз алаяқтыққа ұрынуыңыз өбден мүмкін.

Мұндай адамдарды анықтап ұстау өте қиын екендігін ескертеміз, көпшілік жағдайларда мұндай қылмыстар ашылмай қалады.

Соңғы уақыттарда мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдетілген түрде арзан бағамен пәтер сатып алуға ықпал ететін деген жалған желеумен адамдардан алдап ақша алу деректері көп кездеседі.

Ойыл аудандық прокуратурасы

20-29 ЖАСТАҒЫЛАРДЫ ҚЫЗЫЛША МЕН ҚЫЗАМЫҚҚА ҚАРСЫ ИММУНДАУ ЖҮРІП ЖАТЫР

2019 жылдың 16 қыркүйегінен бастап Ақтөбе облысы аумағында 20-29 жас (қоса алғанда) адамдарды қызылшаға және қызамыққа қарсы қосымша иммундау басталды.

Қызылша – бұл өте кең түрде таралған инфекциялық ауру. Қызылшаның алғашқы белгілері: қалтырау, жөтел, мұрыннан су ағу, конъюнктивит байқалады. Осындай белгілер пайда болғанда науқастарға көп жағдайда жіті респираторлық жұқпалардың диагнозы қойылады. Бұдан кейін науқастың маңдайында бөртпелер пайда болады. Қызылшаның ауыр жағдайларында бөртпелер ауыз-мұрын қуысына түседі. Бөртпелердің пайда болуы кезең-кезеңмен жүреді. Келесі кезекте бөртпелер денеге шыға бастайды, бұдан кейін аяққа түсіп, 5 күндей сақталады. Әдетте, бөртпелер пайда болғаннан кейін алғашқы екі күн науқастың жағдайы ауыр халде болады. Қызылшамен ауырмаған және оған қарсы екле алмаған адамдар қызылшаны 100 пайыз жағдайда жұқтырады.

Қызылша ауруының ең тиімді әдісі - вакцинациялау.

Инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу мақсатында қосымша иммундауға 20-29 жас аралығындағы барлық адамдар, егу мәртебесіне қарамастан вахталық әдіспен еңбек ететін адамдар жатады. Қызылша мен қызамыққа қарсы профилактикалық егулерге тұрақты қарсы көрсетілімдірі бар, 2018-2019 жылдары қызылша мен қызамыққа қарсы егілгендігі туралы құжаттамалық растауы бар адамдар, жүкті әйелдер мен лактация кезеңінде әйелдер қосымша иммундауға жатпайды.

Қызылша мен қызамыққа қарсы екі компонентті вакцина Үндістанда өндірілген, сондай-ақ тексерулердің барлық сатыларынан өтіп, қауіпсіз деп танылған. Екі компонентті вакцина облыстағы медициналық егу мекемесінде, медицина ұйымдарының егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Ересек адамдармен қатар балалар да инфекцияның пайда болу қаупін, ауру ағымының ауырлығын

Ұялы телефондарды қоңырау шаламын деген сылтаумен алып қою да жиі болатын құбылыс. Адам өзінің алданғандығын алаяқтық жасаған адам жасырынып, қашып кеткенде немесе мүлікті қайтармағанда ғана түсінеді.

Сондықтан танымайтын адамдармен байланыс жасамауды, ұялы телефондарыңызды себептен себепсіз басқа адамға қолдануға бермеу қажеттігін ескертемін.

Тағы бір алаяқтықтың бір түрі ол ақшаға жұмысқа орналастырамын деген сылтаумен алдап, ақшасын иемдену. Көпшілік жағдайда алаяқ жөбірленушіге басқа облыстарға жалақысы көп мұнай өңдеу саласындағы вахталық жұмысқа орналастыратындығына сендіріп, ақшасын жымқырып алады.

Ойын құралдарын жалға аламын деп, кейін иесіне қайтармай иемденіп алу құбылысы орын алып келеді. Сол себептен ойын құралдарын жалға беру кезінде сол адамның жеке тұлғасын, мекенжайын нақты анықтап алған жөн.

Сонымен қатар жалған құжаттарды немесе адамның сенімін пайдалану арқылы несие алу алаяқтығы да жиі кездеседі. Бұл жерде біз алаяқтықтың жиі кездесетін әдістері мен тәсілдерін көрсетіп отырмыз, негізінде бұл қылмыстың жасалу жолдары өте көп.

Құрметті тұрғындар! Тұрмыстық, қызметтік, көсіпкерлік және басқа да күнделікті азаматтық қатынастарда өте сақ және мұқият болып, алаяқтыққа жол бермейік, туыстық, жолдастық, қоғамдық байланыстардан айнып қалмай, бір-бірімізге сенімімізді жоғалтпайық!

және қауіпті асқынулардың дамуын төмендететін қажетті егулерді уақытылы алуы қажет. Қосымша иммундау кезеңінде тұрғындардың қалауы бойынша қызылшаға және қызамыққа қарсы екпені ересек топтағы адамдарға да алуға болады. 20-29 жас аралығындағы тұрғындарды қызылша және қызамыққа қарсы екпе алуға шақырамыз!

Құрметті ата-аналар және тұрғын-дар!

Осы мақаланы оқығаннан кейін, Сіздер жұқпалы аурулардың қаншалық қауіпті екенін және олардың қалай алдын алуға болатынын түсінді деп үміттенеміз. Өз денсаулығыңыз сіздің қолыңызда. Балаңыздың уақыты еkle алып, еліміздің дені сау азаматы болып өсуіне көмектесіңіз!

Иммундауға қатысты барлық сұрақтар бойынша учаскелік дәрігеріңізге жолығуға болады.

Г.САМАЛБЕКҚЫЗЫ,
Ойыл орталық аудандық ауруханасының дәрігер эпидемиологі.

ТІЛ ҰЛТТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың өткені мен болашағының айқын көрінісі. Біздің тіліміз ғасырдан-ғасырға келешек ұрпаққа аманат етіліп беріліп отырған баға жетпес байлығымыз. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тіл тәуелсіздіктің қуатты тірегі. Осы тұста Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақтың болашағы қазақ тілінде» -деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерімізді аямай, еңбек ету ғана қалып отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тіл қазақ тілі болып бекітіліп, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңы қабылданды. Аталған заңда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы мәселелер айқын айтылған. Сондықтан баршамыз келер ұрпаққа мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтере отырып, мұра ретінде қалдыруға атсалысуымыз қажет.

Қазіргі таңда өкінішке орай қазақ тілін білмеу, білседе сөйлемей қазақ

тіліміздің мәртебесінің өсуіне алып келмесі анық. Әрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық, даму деңгейімен ғана емес, рухани өрісімен яғни мелекеттік тілінің деңгейімен де өлшенетінін ұмытпағанымыз абзал. Мемлекеттік тіліміздің өзгермей мәртебесінің биіктігін сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізу парызымыз. Мемлекеттік тілдің мерейін көтеру бағдарында Ойыл аудандық соты тарапынан да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Атап айтатын болсақ, қылмыстық, азаматтық, өкімішілік істер қазақ тілінде қаралуда. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және мемлекеттік тіл ұлт байлығы негізінде жергілікті мекемелер арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында семинар сабақтары жүргізілуде. Аудандық сотта іс қағаздарын жүргізу толығымен мемлекеттік тілге көшірілді, және барлық сот қызметкерлері қазақ тілін толығымен меңгерген.

Сонымен қатар аудандық сотта автоматтандырылған құжат алмасу

мен сот өндірісінің «Төрелік» ақпараттық жүйесі мемлекеттік тілде жүргізу бағыттары бірыңғай жолға қойылған.

Өз тілін сыйлайтын, өзгеге сыйлаатын ел үшін мемлекеттік тіл киелі деқасиетті дүние. Ендеше, қазақ ұлты тұрғанда, тілін сыйлайтын, оны қастерлейтін басшысы тұрғанда, қазақ тілінің мәртебесі ешқашан төмендемейді.

Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмаса, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі мінезі айқын көрініп тұрады деген нақыл өз баршамыздың жадымызда болуы тиіс.

Тіл байлығы әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұған кезде ғана тіліміздің деңгейі белестерге жете берері анық.

А.ҚЫДЫРҒАЛИЕВ,
Ойыл аудандық сотының бас маманы.

2019 ЖЫЛДЫҢ ІV-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	Сембин Еркебулан Маралұлы, бөлім басшысы	Қазан – 4,11,18,25 күндері, Қараша – 1,8,15,22,29 күндері Желтоқсан - 6,13,20,27 күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:30-ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазы көшесі №43 ғимарат	2-11-77

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің **2-11-54 сенім телефонына** хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2019 ЖЫЛДЫҢ І-ІІІ ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Избасов Адилбек Жансерикович Округ әкімі	3.10,17,24 ,31қазан 7,14,21,28 қараша 5,12,19,26 желтоқсан Уақыты: сағ.-10:00 ден –12:30 ға дейін	Қаратап ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда **37-5-34 сенім телефонына** хабарласуды сұрайды. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

«ЕСТИ БІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТ» ЕЛМЕН ЕТЕНЕ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында тұңғыш рет ел Президенті ретінде Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдау жұртшылықтың ойынан шықты. Жолдауда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтің кәсіби мемлекеттік аппарат құрудың Бес институционалдық реформасының жалғасын көріп отырмыз.

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауда мемлекеттік институттардың рөлін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік

қызметкерге қатысты мәселелерді ашық айтты, жұмыс сапасы, мемлекеттік қызметтің дамуы және шабыттандыру және қызметкерлерді материалдық тұрғыдан ынталандыру.

Мемлекеттік қызмет қатарына даярланған мамандарды тарту, мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс сапасын арттыру мақсатын қойып, осы салада еңбек етіп жүрген кадрларды материалдық демеу арқылы жақсарту керек екенін айта кетті.

Келесі жылдан бастап елімізде мемлекеттік қызметкерлер санын қысқарту басталады. Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа алғашқы Жолдауында осылай деді.

Президент мемлекеттік қызмет-

шілер мен ұлттық компания қызметкерлерінің саны 2024 жылы 25 пайызға азаятынын айтты. «Жергілікті билік өкілдері тұрғындармен ашық тілдеспейді. Олардың мәселесіне терең үңілмейді. Сол себепті жұрт көп жағдайда мемлекет басшысына жүгініп жатады. Сондықтан біз Президент аппараты жанынан арнайы бөлім құрдық. Олар мемлекеттік органдардың бұқараның мәселесін қалай шешіп жатқанын бақылаумен айналысады», — деді. Осы арқылы «Ести білетін мемлекет» құрып, пайдасы мол, әдепті кадрларды қалдыра білу де таяу күннің еншісіндегі жұмыс.

Сәндібек ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,
Ойыл селолық округінің әкімі.

КҮЗГІ «ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ» БАСТАЛДЫ

Ақтөбе облысы әкімінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі «Елді мекендерді санитарлық тазарту және абаттандыру туралы» өкімін жүзеге асыру мақсатында Ойыл ауданында ағымдағы жылғы 28 қыркүйектен 2 қараша аралығына екі айлық жарияланып, айлықтың аясында аудан аумағында атқарылатын жұмыстар жоспарланды.

Яғни, 13 саябақ пен шағын бақтардың 11 ға аумағын қалдықтардан және автомобиль жолдарының айналасын тұрмыстық заттардан тазарту межеленіп отыр.

Өзен, су жалаалауларын қалдықтардан тазартуды да айлықтың кезінде атқаруға тиіспіз. Әр сенбілік сайын меншік түріне қарамастан мекемелерден айлық кезінде санитарлық тазартуға қатысты шараларды жүзеге асыруға қызметкерлерді жұмылдыру көзделіп отыр.



Елді мекендердің автокөлік жолдары айналасындағы қураған ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу де осы күздің міндеті. Сондай-ақ, аудан

бойынша елді мекендерге көктемде егіліп шықпай қалған ағаштардың орнына қайтадан көшеттер отырғызылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ

Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2019 жылдың ІІІ тоқсанында қағаз түріндегі қызмет елді- мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскесін беру туралы қызмет

көрсетілсе, электрондық үкімет порталы арқылы өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама беру, мекен-жай туралы, соттылықтың (болу) болмауы, зейнетақы аударымдары туралы т.б көптеген анықтамалар берілді. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары қарыз жүктемесін азайту үшін бағдарламаға қатысу мәртебесін тексеру қызметін пайдаланды.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден негізсіз бас тарту болған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында өкімшілік ғимаратында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің ақпараттық стандарты жаңартылып, аудан және облыс орталықтарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы стенд жасақталған. Округ әкімдігінің ғимарат алдына мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандус жасақталған. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары үшін қызметтің қолжетімді болуы мақсатында өкімшілік ғимаратында орналасқан өзіне- өзі қызмет көрсету орыны тәулік бойы

қолжетімді болады және компьютер, 3/1 принтер, интернет, картридермен жабдықталған. Округ аумағында орналасқан 2 негізгі, 2 орта мектептерге және Құрман дәрігерлік амбулаториясы мен Көптоғай ауылдық кітапханасында да өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жасақталуда.

2019 жылдың қыркүйек айында біліктілікті арттыру семинарына 1 мемлекеттік қызметші қатынасып, «Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» тақырыбында 24 сағаттық оқытудан өтті.

А.КЕҢЕСОВА,
Көптоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер өр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен



онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымның төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа неміқұрайлық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын

ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Округ тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында жаднамалар таратылып, бейнероликтер көрсетіліп, мекеме қызметкерлері арасында деңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлықпен барлық қоғам болып күресу біздің азаматтық парызымыз.

А.МҮБАРАКОВ,
Саралқын ауылдық округінің әкімі.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ӨЗ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бұдан былай өз байланыс орталығы жұмыс жасайды. 1406 нөмірі арқылы медициналық сақтандыруға қатысты кез-келген сұраққа жауап алуға, кеңесуге, жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының иелері МӘМС бойынша жарна мен төлемдер туралы, қормен келісімшартқа тізімі жакеменшік клиникалардың отырып туралы біле алады, өтініш және шағым беруге болады. Қоңырау соғу Қазақстан бойынша кез-келген телефоннан тегін. Байланыс орталығы жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді. Сондай-ақ, МӘМС-ке қатысты толық ақпаратты азаматтарды қабылдау кабинетінен біле алады. Мұндай кабинеттер 2020 жылдан бастап Қордың өр аймақтағы филиалында жұмыс істей бастайды. Ақтөбе облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың 1-ші қаңтарынан жүзеге аса бастайды.

МӘМС телеграмм-ботты іске қосты. @SaqtanduryBot медициналық сақтандыру туралы ақпараттандыруға және халықпен көрі байланыс орнатуға бағытталған. Телеграмм-бот арқылы өр адам өз сақтандыру мәртебесін, жарналар туралы біле алады.

«SAQTANDURY» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ СЫНАҚТАН ӨТІП ЖАТЫР

«Saqtandury» ақпараттық жүйесі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының төл жобасы. Бұл автоматты жүйе алғаш рет Қарағанды облысында енгізіліп, сынақтан өтіп жатыр. Келер жылдан бастап аталмыш ақпараттық жүйе бүтін ел бойынша жүзеге асырылатын болады. МӘМС жағдайында медициналық көмекке жүгінгенде алдымен медициналық қызметті тұтынушының мәртебесін анықтап алу маңызды. Емхананың немесе аурухананың медициналық ақпараттық жүйесі «Saqtandury» автоматты жүйесінен тұтынушының сақтан-дырылғаны немесе сақтандырылмағаны жайлы мәліметтерді сұратады. Соған қарай көмек келпіндендірілген тегін медициналық қызметтердің есебінен, не болмаса, кеңейтілген сақтандыру пакеті есебінен төленеді. Тұрғындар үшін қосымша қиындықтар туындамайды, деп хабарлайды «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Ке АҚ АОФ директоры Гүлмира Баққалықызы Қожаниязова. Олар

бұрынғыдай жеке басын қуәландыратын құжатты көрсетуі тиіс. Жүйе медициналық қызметтерді қолданушының мәртебесін автоматтандырылған режимде анықтайды. Ақтөбе облысында бүгінгі таңда 39 мың 171 жұмыс беруші 351 мың 555 жұмысшы үшін жарна төлеп отыр. Бұдан бөлек 5356 адам бірыңғай жиынтық төлемін аударып отыр. Пилоттық жобадан апар 2020 жылдан бастап жарнасын мемлекет төлеп беретін әлеуметтік қорғалмаған азаматтармен қатар сақтандырылған адамның мәртебесін алады.

«Saqtandury» ақпараттық жүйесі пилоттық режимде сынақтан өтіп, ақпараттық қауіпсіздік жағы тексерілгеннен кейін өндірістік пайдалануға беріледі. Ал оны толығымен іске қосу үшін бірқатар мемлекеттік органға қарасты 10 ақпараттық жүйемен интеграциялау қажет. Олардың ішінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және әлеуметтік даму министрлігі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және т.б. бар.

ҚАРТТАРЫ БАР ЕЛ - БАҚЫТТЫ ЕЛ

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Үлкеннің өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестерінің, төлім-тағылымдарының жастар үшін орны бөлек. Себебі, аға буынның ауданның есіп-өркендеуіне қосқан үлестері көп, еңбектері ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларын өсірді. Бүгін, еңбектерінің зейнетін көріп отырған шақта да аталар ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес. Осыдан 29 жыл бұрын, яғни, 1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында Бас Ассамблея 1 қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялаған болатын. Асылында, бұл мереке ХХ ғасырда пайда болды. Басында Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада тойланған, ал 80

жылдардың аяғынан бері бүкіл әлемде атап өтіліп келеді.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат — аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету болып табылады. Бұл күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар мен студенттердің тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін алуан түрлі жобалар ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар тағайындалады.

Біздің ауданымызда да мұндай қайырымдылық шаралары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Ал, ақса-



қалдар жастарға ақыл-кеңестерін айтып, ізгілікті істерге ұйытқы болып отыр.

Қарттары бар ел - бақытты ел. Сондықтан ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болған қарттарымыз қашан да аман болсын!

Серсенбай АМАНФОСОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Баға

Ақыл айттым, ұл – қызым,
ұрпағыма арнадым,
Берекеге шақырам, байқарсың
сөздің салмағын.
Туысқанмен ақылдас,
бос қайтпасын қармағың,
«Өке көрген оқ жоңар» деген сөзді
жалғадым.

Жақсы ойланып, жастарым,
мұның да байқа салмағын,
Кейбіреуі жамандап, жегенінді
құм қыпар
Ауыз бірлік сақтаған, берекені
жақтаған

Жастарыма – аманат,
тыңдасандар жамағат,
Жастарыма бұл сөздің қалғандары
аманат.
Берекемен басқарып, бірінді – бірін
қамдаңдар,
Білім менен өнерде тағы да артта
қалмаңдар.
Жастар деп соққан жүрегім,
туысты жақсы білемін,
Бақытты жастар болыңдар,
қабыл болсын тілегім.

1 қазан 2019 жыл



Ойыл ауданы
Екпетал селосының тұрғыны
Ақбисенова Рауза!

Ана!
Келе жатқан туған күн құтты болсын!
Өткеннің күннің артта қалып белесі,
Тіршіліктің жылжып алға кемесі,
Немеренің шаттығына бөлеген,
Құтты болсын, жаңа жастың белесі.
Зейнет көріп, кемелді қазына жас,
Немере мен жиеннің назына мас,
Біз Сізге бақ тілейміз ортаймайтын
Басыңыздан ешқашан ажырамас.
Ортамызда аман-сау жүре берші,
Жас қосылып, жадырап күле берші!
Ақ тілегі ұрпақтың Ана Сізге,
Қызық көріп, ұзақ ғұмыр суре берші!
Жайылған ұрпағыңмен кемелденіп,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін,
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің!
Құттықтаушылар: балалары-келіндері, қыз-күйеу балалары, немерелері, жиендері.

Құрметті Сағынғалиева Айгүл Ғазеқызы!
Тамаша мереке мұғалімдер күні қарсаңында өзіміздің сүйікті ұстазымызды осы бір айтулы мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!
Біз білім ордасы, мектеп табалдырығын аттап, онда терең білім алып, тылсым дүниемен таныстық. Бізге білім тұңғыығынан нәр алдырып, қажырлыққа, ізгілік пен адамгершілікке баулып, табандылықпен еңбек етіп, алдымызға биік мақсаттар қоюды үйреткеніңіз үшін мың алғыс. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ, отбасыңыз аман болсын. Әрқашан айналыңызға нұрыңызды шашып, жадырап жүре беріңіз.
Кем көрмеймін сізді асыл анамнан,
Сізге ұқсап бізде қудық сан арман.
Сіздей адам дүниеде көп болсын,
Балалардың бақыты үшін жаралған.
Алғаш рет отқансыз санамды,
Алғаш рет ұстатқансыз қаламды.
Сол үшін мәңгі сыйлап өтемін,
Түсіндірген жақсы менен жаманды.
Құттықтаушылары: Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 2019-2020 жылдың түлектері.

ЕКІ ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ЕНДІ ОЙЫЛДЫҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ХХ СПАРТАКИАДАСЫ ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ӨТТІ. ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ ПЕН ҮСТЕЛ ТЕННИСІ БОЙЫНША ӨТКЕН АЛҒАШҚЫ КҮНГІ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫСТА 80-НЕН АСТАМ СПОРТШЫДАН ҚАСАҚТАЛҒАН 16 КОМАНДА СЫНҒА ТҮСТІ.

Өрине, жарыс болғасын жеңімпаздары да болуы шарт. Ақыл-ойдың ойыны саналатын ұлттық спорт – тоғызқумалақтан жекелей-командалық есеп бойынша ақтық сайыста І орынға Ш.Бекмұхамбетова атын­дағы мектеп-гимназиясының 7 класс оқушысы Ақмарал Маратқызы иеленсе, ІІ орынға Ойыл қазақ орта мектебінің 10 класс оқушысы Гүлбаршын Сырлыбаева қол жеткізді. ІІІ орынды Кесембай негізгі мектебінің 9 сынып оқушысы Орынгүл Алпысбаева иеленді.

Ал ұлдар арасында ақтық сайыста Ойыл қазақ орта мектебінің 8 сынып оқушысы Бексұлтан Сырлыбай жеңімпаз атанса, ІІ орынға Кесембай негізгі мектебінің 9 сынып оқушысы Бекасыл Серікбаев ие болды. ІІІ орын Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 6 класс оқушысы Бекарыс Сырлыбай иеленді.

Ал, үстел теннисінен жекелей-командалық есеп бойынша ақтық сайыста Ж.Жүсібалиев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Асылай Асылханова жеңімпаз атан­са, Ш.Бекмұхамбетоваа атындағы мектеп-гимназиясының 11 класс оқушысы Аружан Нұрлан ұпай саны­мен екінші орынды иеленді. Ал, үшінші орын Құрман орта мектебінің 10 сынып оқушысы Нұрсұлү Хамиттің еншісіне тиді. үстел теннисі

Ал ұлдар арасында ақтық сайыста бас жүлдені Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 10 класс оқушысы Абу Мансур Хаким иеленсе, ІІ орын Ж.Жүсібалиев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Арсен Еркіновке бұйырды. Үшінші орынға ұпай санымен Ойыл қазақ орта мектебінің 10 сынып оқушысы Диас Әділханов қол жет­

кізді.

Ал, ертесіне спартакиада мұғалімдер арасында жалғасты. Бұл күні командалық үш спорт түрі бойынша өткен жарыста 285 спортшыдан жасақталған 15 команда сынға түсті. Баскетбол, волейбол және шағын футболдан өткен жарыстардың ішін­де волейболдан ақтық ойындар тіпті тартысты болды.

Баскетболдан ақтық сайыста Ж.Жүсібалиев атындағы орта мектебі жеңімпаз атанса, 2-3 орындарды Ойыл қазақ орта мектебі мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы өзара бөлісті. Шағын футболдан бас жүлдені Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі иеленсе, мұнда да 2-3 орындарды Ойыл қазақ орта мектебі мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гим­назиясы командалары иеленді.

Ал, волейболдан Ойыл қазақ орта мектебі жеңімпаз атанса, Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің мұғалімдері 2 орынға ие болды. Ал, 3 орын Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясына бұйырды.

Екі жарыстың да жеңімпаздары мен жүлдегерлері аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының мақтау қағаздарымен марапатталды. Жеңімпаздардан ірік­телген спортшылар аудан құрама­сына еніп, облыстық спартакиа­дасында ауданның намысын қорғай­ды.

Сондай-ақ Спартакиадаға ерекше ұйымшылдықпен қатысқан Қараой МББ, Кесембай НМ, Сапақкөл ОМ, Ақшатау ОМ Білім және ғылым қызметкерлерінің аудандық көсп­одақ комитетінің төрайымының алғыс хатымен марапатталды.

ТҮЗЕТУ

2019 жылдың 24 қыркүйегі күнгі «Ойыл» газетінің №38 санының 3-бетіндегі Гүлжазира Дауленованың «Тарихымызда Құныскерей кім?» атты мақаланың бірінші абзацындағы «**XIV ғасыр**» сөзі «**XIX ғасыр**» болып оқылсын. Оқырмандардан кешірім сұраймыз.

Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы мектеп-гимназияның мұғалімі Гүлзат Төрехановаға өкесі Ерғазының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Ойыл аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы, Саға мектеп-балабақшасының ұжымы Саға мектеп-балабақшасының кіші қызметкері Мадешова Айнагүл Төреханқызының қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырп көңіл айтады.
Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің кіші қызметкері Мадешов Қанатқа аяулы қарындасы Айнагүлдің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.



балаларына дейін білетін болады. Оның кейін неге ойынға айналу себебін де біледі (білдіріледі), түсінеді. Түсінгесін тұтынады. Тұтынғасын олар өздерінің дәстүрі етіп жалғас­тырады.

Міне, осылайша ұлт өмірінде өткен қайбір қан төгісті оқиғалар уақыт өте келе ұмыт қалмауы үшін ұлттық салт пен ойын түріне айналдырады. Сөйтіп әлгі соғыс қайғысы қуанышқа, ұлттық ойынға, салтқа айналады. Сөзіміздің дәлелі үшін мына бір тарихи оқиғаға назар аударалық.

Мәселен, қазақтың қараүзген шипагері Өтейбойдақ бабамыздан жеткен «Тектелгі» деп аталатын шежіреде айтылатын, бірақ қазақ тарихына аты еңбеген, қазақ ықылы­мының көсемі Қазғақ (ол шежіре «қазақ» атауын осы есімнен тара­тады) би хан сайланып, тағына отыр­дарда қарашасын жинап «Нау (үлкен) ырыс» (қазіргі наурыз) тойын жасайды.

Міне, осы тойда бір қыз келіп Қазғаққа: «Ханға ханым керек бол­мақ, сізге ханымдыққа мен лайықпын, ал менің шартым: мен қазір қашамын, ер болсаң мені қуып жет, егер қуып жетсең мен сенің ханымды бол­амын», – дейді. Және біраз хан намы­сына тиетін сөздерер айтады. Хан қызды қууға шығады. Қыз қашады, хан қуады. Хан қызды қуып жетіп, оны атынан аударып алдына өңгер­ген бойы қайтадан тағына қарай шабады. Таққа жақындағанда орданы күзеткен қалың әскер жолды бөгеп қалатын болған соң, хан оларға қарап: «Ал аш, ал аш» деп дауыс­тайды. Онысы «алдымды аш, бөге­мендер» дегені екен. Жұрт қақ жарылып жол береді. Қыз болса ханға қарап: «Ал ашсаң, ал аш» деп жымияды. Онысы «мен сендікпін, дайынмын, берілдім, саған адалмын» дегені екен.

Хан таққа келіп отырғанда ойлама­ған жерден бір көк бөрі сап ете қалып, қалың әскерді қақ жарып ханға қарай ұмтылады. Оны көріп тұрған қалың әскер әлгі көк бөріні бас салып, сол жерде тірідей тартқылап жүріп өлтіреді.

Міне, осы ұлы жиын тойда хан: «Бұл той бұдан кейін елдің дәстүрлі мерекесі, жылының басы болсын, «Ал аш» осы елдің ұраны болсын!» – дейді.

Хан жарлығын екі етпеген халық «Науырыс» тойын жыл басы, «Ал ашты» ел ұраны етіп алумен бірге, ол тойдағы ерекше екі оқиғаны да еске түсіріп отыру үшін «қыз қууды» және («көк бөрі») көкпар тартуды әдетке айналдырады. Олар бірақ үнемі тартуға көк бөрі таба алмағасын оның орнына көк серкені тартатын болады.

Міне, содан келе-келе «ал аш» – Алашқа, «көк бөрі» – көкпарға, «нау ырыс» – Наурызға айналып, халқы­мыздың салтына, ұлттық ойынына айналған екен.

Демек, бұдан әрқандай болмаған іс-салт болу тұрмақ ойын түріне де

айналмақ емес немесе ойын да өзінен-өзі ойдан құралмақ емес деген қорытынды шығады. Енді асықтың сипаттарына келсек, ол былайша:

Алшы – асықтың үйірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (тәуке) – **асық үйірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі асық.**

Бүге (бүк) – **асық үйірілгенде дөңес жағы үстіне қарап етпелі-нен жаттық түсуі. Ол үшінші дәре-желі мәнге ие.**

Шіге (шік) – **асық үйірілгенде шұңқыр жағы үстіне қарап, жаттық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.**

Тұрық – асықтың үйірілгенде **алшы не тәйке түсуі. Жаттық – асықтың бүге не шіге түсуі.**

Омпы – **асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шанышылып түсуі. Солпы – асық тұмсығымен көкке қарап тік шанышылып, шоқая түсуі. Табан – асықтың тәйке жағы.**

Оңқай – **асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып, ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ тілерсегінде болады.**

Солақай – **асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас барма-ғына басылып, ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың сол жақ тілерсегінде болады.**

Сақа – қолдағы бар асықтың **үлкенінен, салмақтысынан, оң-қайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан таңдай-ды.**

Қорғашбай сақа – **табан жағынан ойылып қорғасын құйылған сақа.** Қолға сақа – арқардың асығы.

Толай (томпай) – **бұзаудың, тайыншаның асығы (жалпы сиыр асығын томпай дейді). Мүз үстінде әдейі асық ойнау үшін жасалған алаңда ойналғанда, алыстан атылатын ойындарға топай сақа ретінде пайдаланылады.**

Жабайт – **қой асығының сақа-дан кейінгі қорғасын құйылмаған түрі. Табандалады.**

Шүкей (үшкейт) – **қой асығының кішкенесі. Қозы, ешкі асығы. Ол да айырбасқа жүреді.**

Шүкімейт (шүкімөт) – **қозы, лақтың сойып жеуге әлі жарамайтын кезіндегі асығы. Ең кішкене асық. Кеней – шүкейдің көп жұмсалып мұжылған (мүжілген) түрі.**

Мұндағы атауларда да елдік, әскери нышандар байқалады. Біраздан соң патша, хан нағыз әскер басы деген сөз. Сондықтан да мұндағы сақа сөзін алар болсақ, ол – патша, асықтың патшасы деген мәнді берсе, алшы сөзі – бағы асқан хандық мерейді білдіреді.

Тәйке – **үзгір, ханның орынбаса-ры деген мәнді берсе, бүге – бүк түсу, бүгілу, бағыну, міндет атқару деген мазмұндарды беру арқылы жалпы әскерлік түсті білдіре-**

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірт-терін білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие беру, жақсы қасиет-терді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздардың еңбегі зор. Ұлт ұстазы, қазақтың өткен ғасырдағы рухания-тының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» -депті. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының бұл сөзі әлі құнын жойған жоқ.

Сондықтан да мұғалімдер қауымы әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшесенісідер. Сіздер –жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еккен дөңдеріңіз ертеңгі жемісті күннің көпілі деп білемін. Ұстаз келешек азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады. Ауданымыздағы мыңдаған балаға білім беріп, тәрбие тағылымын дарытып келе жатқан мұғалімдер қауымын төл мерекесімен құттықтаймын!

Сіздердің мамандықтарыңыз елдегі ең қадірлі, ең мерейлі әрі аса жауапты. Себебі, Қазақстанның болашағы сіздердің қолдарыңызда. Баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей мұғалімдерге байланысты.

Елбасының айрықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық-техникалық базасын замануи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім саласын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз. Сіздердің ел азаматтарын өз елінің ұлтжанды азаматы және тәрбиелі әрі жауапкершілігі жоғары адам етіп тәрбиелеп шығатындарыңызға сенімдіміз.

Құрметі ұстаздар мен білім саласының ардагерлері!

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескерте отырып, Сіздерге ескеңең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарыңызға және еліміздің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шықығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен өсуге толы болсын. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік, шығармашылық ізденістер тілеймін.

Ізгі тілекпен, Ойыл аудандық білім және дене шынықтыру, спорт бөлімінің басшысы С.Меруенов.

БІЛІКТІ ҰСТАЗ – БІЛІМДІ ШӘКІРТТІҢ ТІРЕГІ

XXІ ғасырдың жаһандану үрдісі мен ақпараттық қордың молдығынан қазіргі кезде өзгерістерге бейімделу кез келген ұстазға аса қажет. Себебі тез арада жаңалықтарға бейімделіп жүретін білікті мамандар ғана алға жылжып, өсіп-өркендеп, соның есе-бінен ауданымызды дамытуға үлес-терін қосқан. Ал мықты шәкіртті кәсіби біліктілігі жоғары, өз мүддесін өзгенің мүддесінен жоғары қоймай-тын, өз қызмет бабында не істесе де, халық мүддесі үшін атқаратын, ел болашағын берінен үстем көретін, саналы, білікті, кәсіби маманданған, ел аузында игі істерімен жақсы атын қалдыра білетін, білім жолында ұзақ жылдар ұстаздық еткен азаматтар қалайды деп ойлаймыз.

Сондай азаматтың бірі Есенкелді Бегалин. Алғашқы еңбек жолын 1989 жылы Көсембай орталау мектебінде мұғалім болып бастап, 1999 жылы Ойыл қазақ орта мектебіне инфор-матика пәнінің мұғалімі болып ауыс-ты. Ал, 2001 жылдан бастап аталған мектептің оқу жөніндегі орынбасар-лық қызметін атқарды. 2007 жыл-дары Ш.Берсиев атындағы орта мектеп директоры қызметінде жаса-са, 2013 жылдан бастап Аманкелді орта мектебінің директоры қызметіне ауысты. Қазіргі таңда, еңбегін білім жолына арнаған Есенкелді Бақтыбай-ұлы 2015 жылдан бастап Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлім жанындағы өдіс-темелік кабинетте меңгеруші болып қызмет атқарып келе жатыр. Шәкірт-теріне сапалы білім беру үшін жаса-



лып жатқан барлық істері бұл кісінің ой жемісі. Үнемі әріптестеріне қазіргі кезең салғырттықты қажет етпей-тінін айтып, білім беру мазмұнын жаңарту бойынша іске асырылатын жұмыс бағыттарын нақтылап, білімді адамнан қабілетті адамға жетуге мол мүмкіндіктің бар екенін дәлелдеп отырады. Өйткені, оның басты ұстанымы - «Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне өрқашан сай болу керекпіз».

Өздеріңізге белгілі, Президентіміз білім саласына қатысты бірқатар болашақ ұрпақ үшін маңызды міндет-терді орындауды тапсырды. Быылғы оқу жылындағы жұмысымыз осы міндеттерді іске асыруға бағытталуы тиіс. Ұрпақ өсіру, оны тәрбиелеу – адамзат тіршілігінің мәні, болашақпен жалғастыар алтын көпір. Ал білім саласын дамыту – халықтың бола-шақтағы өл-ауқатын арттырудың, өлемдік деңгейде бөсекеге қабілетті болудың, кемел келешектің алғы-шарты. Сол үшін де біз өрқашан салаға қолдау көрсетіп келеміз, - деген Есенкелдінің ойынша, ең бастысы, мықты мектепті құрып, тұрақтану үшін оның кәсібилік деңгейі өзгерге қарағанда артық болуы шарт. Өйткені, «еңбегіне қарай – жемісі» демекші, адамның атқарған шара-лары мен жұмысына қарай бағалау біздің елімізде оң нәтижелерін беріп жүр.

Сәндігүл ӨТКЕЛБАЕВА, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының орынбасары.

ҰСТАЗЫНДЫ ҰЛЫҚТА!

(Әссе)

Ұстаз – өмірдегі әрбір жанның жүрегіне жол тапқан, өмірлік алғашқы кірпіштерін қалаған жан. Алғаш мектепке келген күннен бастап, өзіне бауран алып, кішкене қолдарымызға қалам ұстатып, біздің білімізге деген көзімізді ашқан бірден - бір ұлағатты адам. Білім жолына енді ғана қанат-танған кішкене бүлдіршіндердің талпынысын оятып, білім шынына қанаттандырып, оларға өз бойындағы барлық қасиеттерді дарытатын ол – өріне, ұстаз!

Жыл сайын алтын күздің шуағы мол осы бір сөулемі шағында мұға-лімдер мерекесі тойланады. Ең алдымен, біз үшін ерен еңбегі сіңген аяулы ұстаздардың төл мереке-лерімен шын жүректен құттықтай-мын! Ұстаз алдында ақылы асқан дана да, білім шыңына жеткен ғалым да бас ерік анық. Сол себептен, «Ұстаз – ұлы тұлға», «Ұтаз деген – ұлылардың ұлысы» деген керемет нақылаға айналып кеткен сөздер жетерлік. Ұстаз – керемет күш. Себебі, өлемде қанша түрлі маман-дық иелері болса, солардың барлығы да ұстаз қанатының астынан қалық-тап ұшқан. Мінеки, осындай керемет ұлы тұлғалардың мерекесінде оларға құрмет көрсетуде біздің алмын ең мектебіміз де артта қалар емес. Әр жыл сайын ұстаздарға арнап барлық сынып оқушылары тәрбие сағат-тарында өз өнерлерін көрсетеді. Түрлі тосынсыйлар, сыйлықтар, жас ма-мандар қойған қойылымдар барлық мұғалімдерді таң қалдырады. «Кемел келешек кілті-білімде» жас дарын-дылар шеруі, «Спорт. Денсаулық. Өмір» атты спорттық шаралар, «Мен, ата-анам, ұстазым» т.б. көптеген дәстүрлі іс-шаралар бізді қуанытп,

керемет көңіл-күй сыйлайды.

Осы мерекені арқау етіп, алғаш мектеп табалдырығын аттағанда өліппе мен қалам ұстатқан, бас-тауыштары алғашқы кірпішімді қала-ған, өз жұмысының қыр-сырын жетік меңгеріп, тынбай еңбектенген мен үшін орны бөлек алғашқы ұстазым – Қуатжан Лекерұлына және екінші анамызға айналған, көп өмірлік тәжірибесін біздің көңілімізге түйгіз-ген, сынып үшін еңбегі сіңген ұста-зымыз – Асел Мұратқызына алғысым шексіз! Сонымен қатар, шәкірттері үшін тынбай еңбек еткен, бізді аламан бөйгеге баптап қосқан, күш-жігерін, алтын уақыттарын солардың дайын-дығына жұмсаған, 11 жыл бойына біз үшін тер төккен, жетістігімізге бірге қуанатын – Саға мектеп – бала-бақшасының ұстаздар ұжымына алғыс айтамын! Біздің мектебіміздің түлпектері республикамыздың түкір-түкірінде абыройлы еңбек етіп жүр. Олардың арасында ғылым канди-даты да, магистрант та, мұғалім де, дәрігер де бар. Солардың қатарынан біздің де көрінетіндігімізге сенімдімін.

«Ұстаз... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі...», мейлінше шешен, өнер-үлгіме құштар, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - деген екен ұлы ғұлама Әл-Фараби. Қай уақытта болмасын «Ұстаз» сөзі жамыызда мәлгі қалары хақ! «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген Жан Жак Руссоның атамыздың қанатты сөзімен өз сөзімді аяқтағым келеді.

Адина ТИМУРҚЫЗЫ, Саға мектеп-балабақшасының 11 сынып оқушысы.

ЖАНЫМДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ...

Ұстаз. Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан ақжарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, мені қиялға батырып, еріксіз нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі. Сондай тәтті естеліктердің бірі өзіммен 35 жыл қызметтес болған, жоғары санатты мұғалім, Ы.Алтын-сарин атындағы медалдің иегері, бастауыштың «Генералы», әрі анасындай болған Майраш Қабдол-қызымен бірге қызмет еткен кезім туралы болмақ...

Өскеләң ұрпаққа білім бере отырып, ел ертеңін қолға алар ізбасарларды тәрбиелеу Майраш Қабдолқызының басты мақсаттары-ның бірі. «Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған ұстаз ғана өз еңбегінің жемісін көре алары сөзсіз» демекші, сондай алдынан білім алған оқушыларының ықыла-сына бөленген ұстазымыздың қазіргі таңда шәкірттері еліміздің белді-белді оқу орындарында білім алып, түрлі

салада халқына қалаулы қызмет етіп жүрген азаматтар мен азаматшалар. «Ұстаздық –ұлық емес, ұлы қызмет» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, ұлы қызметті өркезде адал атқарған Майраш Қабдолқызы жақында 60 жасқа толды. Өзі аяулы жар, 5 қыз өсіріп, тәрбиелеген ардақты ана, асыл әже. Балалары да өзінің жолын қуып білім саласында адал қызмет етіп жүр. «Ұстаз болу-жүректің батырлығы, Ұстаз болу –сізімнің ақындығы, Азбайтуғын адамның алтындығы, - деп ақын Ғ.Қайырбеков жырла-ғандай, ұрпақтың ұлы мұраты жолын-да талмай еңбек етіп жүрген өріптес-терімді төл мерекелерімен құттықтай отырып, осындай күрделі де, қызық-ты еңбек жолдарында тек толағай табыстар тілеймін.

Алма АХМЕТОВА, Ж.Жүсіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі.

ҰСТАЗ БАҚЫТЫ – ШЫҢДАҒАН ШӘКІРТІ

Бір әріп үйреткен кісіге қырық жыл қызмет ет. Пайғамбар хадисінен «Ұстаз – ұлы есім» демекші, адам-зат баласы үшін өздерін үкілеп өсірген ата – анасыннан кейінгі ең қадірлі де қастерлі тұлға, ол өріне – ұстаз. Расында да, біздер жер бетінде мекен еткен әрбір адам сол ұстаздардан білім алып, өздеріміз өмір сүріп жат-қан қоғамнан ойып орнымызды сай-лап аламыз. Әлбетте, қаймағы бұзылмаған Ойыл халқы сондай ұстаздардың қатарына 42 жылдық тәжірибесімен танылған Мақсөт Ешімұлының есімін қояры даусыз.

Дене тәрбиесі мамандығы бойын-ша жоғарғы оқу орнын тәмөмдаған ол ұстаздық алғаш еңбек жолын жолын Ойыл қазақ орта мектебінің қабырғасынан бастаған еді. Осы білім ордасында тапжылмай 42 жыл ұс-таздық еңбек еткен шәкірт бағбаны быыл 60 жасқа толады.

Білім саласында ең күрделі буын – мектеп. Мақсөт Ешімұлы білікті, ізденімпаз, еңбекқор, педагогикалық мәдениеті жоғары тұлға. Ол қоғамда болып жатқан оқиғаларға, елдің саяси – әлеуметтік өміріне араласып, үн қосып отырады. Адамдық қасиеті, тазалығы, еділдігі, қарапайымды-лығы, баладай мөз болып қуанып, дана қартай ақылын айтып, қамық-қанды жұбатып жүретін елгезектігі оның мінезге бай екенін көрсетеді. Ол аудан, облыс, республика көлемінде спорт саласында шынндай шымыр-лығымен, ептілігімен, кесіпқой сауат-тылығымен бірнеше жеңіс тұғыр-ларын бағындырды. Сонау жылдары ауданның спортшы жігіттерінен құралған құрама команданың бір мүшесі болғаны да бөрімізге аян. Күллі мұғалімдер қауымына өнеге-сімен үлгі, тәжірибесімен төлім, терең білімімен тағлым көрсетіп келеді. Мақсөт ағай бірнеше аудан, облыс көлеміндегі Құрмет грамота-ларымен және 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Шәкірт санасына білім нөріп сеуіп, ел болашағының өрөндерін тәрбиелеп шығару – екінің бірінің қолынан қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуа-ғын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкірт-ке ата – анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу – жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. «Адамның адамшы-лығы – жақсы ұстздан», - деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашаққа азығы. Сабақ берген шәкірттері өзінің жолын қуып дене шынықтыру саласы бойынша ауданымыздың әр жерінде қызмет атқаруда. Атап айтар бол-сақ, Қ.Ермағанбетов, М.Есбосынов, А.Гильмадинов, Д.Амангосов, Б.Құр-метжанова сынды алды республика, арты өлемге танылып жүрген аудан спортшылары бар. Басқа сапаларда еңбек етіп жүрген спортқа баулығын шәкірттері де сол саладан қол үзбей, түрлі додаларда ардагер спортшы-ның еңбегін қайырып жүр. Жақсы ұстазға кезігіп, төлім – тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағы-тынан тоймасы анық.

Түзде ел баласын тәрбиелеп, жақсылықтың жолын көрсетіп жүрген де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Ұстаздық өмірінің өте мазмұнды, жемісті болуына қашан да қолдау жасап жүрген ағайға ізгілікті еңбегінің игілікті қайтарымы шәкірттерінің қуанышы, ата – аналардың алғысы болсын деп тілейміз.

Раушангүл ЖАЗЫМОВА, Зина БАҒЫТЖАНОВА, Ойыл қазақ орта мектебі.

«ҰСТАЗ БОЛУ –

ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ...»

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі бірін-шіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сан қырлы тағ-дырына басшылық етуді мойнына алған маман. Өз кәсібінің мыйтал-маны, осы мақсатқа рухани күш-жігерін салып жүрген аяулы ұстаз, тәжірибелі мамандардың бірі Саға мектеп-балабақшасының бастауыш сынып мұғалімі – Жеңіс Төтебаева.

Жеңіс Көдірғалиқызы – жас ұрпақ-тың рухани сәулеткері, ата-аналар өзінің үміті мол болашағын тапсыра-тын сенімді өкілі. Ол сол сенімді ақтай отырып, зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылық-тарды бойына дарытқан мұғалімдер тәрбиелеуде.

Бала жүрегі кішкентай құйсандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Сол кілт өркөз Жеңіс ұстаздың қолында. Оған дәлел 33 жылдық ұстаздық жолында өзінің және шәкірттерінің жеткен жетіс-тіктері ушан-теңіз. Жеңіс апайдың алдынан білім алған шәкірттері бүгінгі күнті тәуелсіз еліміз үшін еңбек етіп жүргені мақтан тұтарлық. Қазіргі таңдағы білім саласындағы көп өзгерістерге алғашқылардың бірі болып кіріскен де осы ұстаз. Оқушы-ларға заманауи өдістерді пайда-ланып, жаңа білім беру техноло-гиясын тереңдетіп енгізіп, уақытпен бірге алға басып келе жатқан еңбекқор ұстаз. Әр шәкірттің жүрегіне жол тауып, қолына қалам алғызып, өріп танытуна қосқан үлесі зор. Әлі өріп танымалы, мектеп табалдырығы енді аттаған оқушыларды құшақ жая қарсы алып, сауаттандырып жол көрсетіп ота бұныға шығарып салып келеді. Сондай-ақ, оқушы санасын-

дағы мөлдір булақты ашып, білім мен ғылымның жемісінің дөмін таттырған, армансызға арман ұялатқан, қанат-сызға дарын қанатын бітіретін ға-жайып күш иесі.

Сонымен қатар, ол мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым ортасында беде-лді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп отырады. Ол адамгершілік, сыйластық деген ұғымдарды бірінші орына қою біледі. Мектеп ұжымымен тіл табысқыш, қарапайым мұғалім. Білімін үнемі жетілдіріп отыратын, білім мен тәрбиені қатар ұштастырған ұстаз.

Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, еңбексүй-шілтік пен адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін кішкене бүлдір-шіндерге арнап, бойындағы бар күш-жігерін шәкірт тәрбиелеуге жұмсай-тын еңбегі ерен ұстаздардың бірі.

Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Жеңіс Көдірғалиқызы өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкер-шілпен атқарып, өзін бақытты сезініп жүрген ұстаз.

Ия, мұғалім – киелі мамандық. Ол үлкен жүректі, жан-жақты білімді, терең танымды болумен қатар, аса сезімтал болуды талап етеді. Үлкен жауапкершілікті талап ететін, сұрауы күшті не деген мамандық десеніңізші... Кез келген адамның бұл мамандыққа бара қоюы екі талай. Себебі, «Ұстаз болу-жүректің батыр-лығы...» деп, ақын Ғафу Қайырбеков жырлағандай, ол үшін үлкен жүрек қажет.

Гүлнәр БАҚТЫГЕРЕЕВА Саға МББ әдіскері.

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА БЕЙБІНҮР

Мұғалім қашан да білім беруден жалықпайтын, шығармашылығы мол, еңбекқор әрі парасатты адам бол-ғаны жөн. Өйткені, өз ісіне берілген, жаңалыққа жаны құмар, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Сондай ұстаздың бірі – Бейбінүр Аманғалиева. Ол - Ш.Бек-мұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Мен Бейбінүрмен алғаш рет таныс-қанымда, өзінің ашықтығымен, тео-риялық білімімен, шығармашылық ізденісімен көзге түсіп, тез тіл табысып кеттік. Міне, содан бері педагогикалық оқуларда да, шығар-машылық жұмыстарда да қатар жүріп келеміз.

Ізденімпаз ұстаз Бейбінүр - теориялық білімі жоғары, өдістеменің қыр-сырын меңгерген, өз пөнін жетік білетін мұғалім. Соның дәлелі, 2016 жылы «Үздік педагог» республикалық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, әрі облыс әкімінің 100000 теңге грант иегері атанды. Бірнеше рет Ақтөбе облыстық білім басқар-масының Алғыс хатымен марапат-талды. Педагогикалық озат тәжірибе-лерді шығармашылықпен оқу үрдісін-де тиімді пайдаланып жүрген маман Ақтөбе облысы әкімдігінің және Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжіри-белік орталығының Алғыс хаттары-мен марапатталды. Елбасымыздың «...Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушы-лары, мұғалім оларды қалай тәрбие-лесе, Қазақстан сол деңгейде бола-ды. Сондықтан да ұстазға жүктелетін жүк ауыр» - деген сөзін жадына түйген Бейбінүр кәсіби шеберлігін үнемі ұштауды назарда ұстайды. Білімі мен біліктілігі жоғары ұстазды

Қазақстанның Білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапаттады. Еңбегі ерен ұстаздың мақтан етер шәкірттері де аз емес. Мәселен, Қазақстан Респу-бликасы Білім және Ғылым минис-трлігі, «Өрлеу» республикалық ғылы-ми - өдістемелік орталығының бас-тауыш сынып оқушылар арасындағы пәндік олимпиадаларға қатысып, «Математика» пәні бойынша 1-орын Аманаллаһ Серікұлы, Алтынбек Берғалиев, Нұрсұлтан Таңатұлы, «Қазақ тілі» пәні бойынша 1-орын Меруерт Мырзабаева, «Дүниетану» пәні бойынша 1-орын Таңсу Шеркеш-баева алып, ұстаз еңбегінің жемісі екенін дәлелдеді.

Ие, басқа да халықаралық, облыс-тық мұндай жетістіктер жетерлік.

Б.Е.Аманғалиеваның «Бастауыш класс сабақтарында тиімді әдістер мен танымдық іс-әрекетті дамыту-дың жолдары» облыстық шебер класс, «Жаңа білімге заманауи көзқарас», «Мұғалімнің инновациялық қызметі- заманауи білім беруді дамытудың негізі» баяндамалары облыстық ғылыми – тәжірибелік жинақтарға енгізіліп, таратылды.


Бейбінүр Ерсайынқызы өдістемелік жұмысты ұйымдастыруда үлкен шеберлік танытады, жаңалық жар-шысы десем артық айтқандық емес. Бейбінүр өріптесімдері жанды мақтап та, мақтанып та айта аламын. Міне, мектеп тренері, әдіскер, ұстаз Бейбінүр – осындай жан, аяулы жар, ардақты ана.

Данагүл МАЙЛЫБАЕВА, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Ұстазым!

Адамдықтың шегінен аспайтуғын – ұстазым. Адалдықтың жолына бастайтуғын – ұстазым. Қылығына шаланың қаспайтуғын – ұстазым. Құпиясын баланың ашпайтуғын – ұстазым. Қиындықты жеңуден қашпайтуғын – ұстазым. Әзіл-қалжың айтып та тастайтуғын – ұстазым. Көңіл-күйін өркімнің көре білген – ұстазым. Бойында бар білімін бере білген – ұстазым. Ізгілікті нұрларын төге білген – ұстазым. Әр жүрекке гүл-сөзім еге білген – ұстазым. Шапағатын балаға себе білген – ұстазым. Баянына бақыттың сене білген – ұстазым. Игі ниет арнасы тола берсін, ұстазым! Жүрегіңіз елім деп соға берсін, ұстазым! Жадыңызда жақсылық қала берсін, ұстазым! Жүрегіңіз ұлылық ала келсін, ұстазым! Әр уақытта денсаулық бола берсін, ұстазым! Басыңызға бақ құсы қона берсін, ұстазым!

Ерлан Ахмет.



БІЛІМ МЕН ЖІГЕРДІ БІРГЕ ҚҰЙЫП...

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінші бірінің қолынан келе бермесі анық. «Ұстазды алтын діңгекке теңер едім», - деп ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы.

Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың бірі – Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пөнінің мұғалімі Нұрқас Ержан Сағидоллаулы. Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшқты еңбегімен дараланған Ержан Сағидоллаулы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғыбратты ғұмырының қымбат шақ-тарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр қою білген Ержан Сағидоллаулы ұстаздың өмірі – болашақ ұрпақ үшін үлкен өнеге. Ол – Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын елінің тумасы.